

15.03.2019 жыл

Қатысқандар: 9

Шакырылды: (ДТЖО Г.Балкенова, ата-аналар комитеті М.Аскарова)

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы
2. СӨС жоспарының орындалуы және оқушылардың сабақта және үзіліс арасындағы тәртібін тексеру жөнінде ақпарат
3. Мектептегі рухани-адамгершілік тәрбие берудің тиімділігі
4. Әлеуметтік жағынан көмек қажет отбасыларға жасалған рейд жөнінде

**1. Тыңдалды:** Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы

**Сөйледі: Кеңес мүшесі, полиция учаскелік инспекторы Б.С.Жумадилов:**

Ол өз сөзінде мектеп бойынша күнкөрісі төмен отбасыларына және мөлтек ауылда тұратын отбасыларына рейд жүргізгені туралы ақпарат берді. Сондай-ақ мектеп оқушыларының құқықбұзушылығын алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарда ата-аналардың мектеп мұғалімдерімен бірге рейдке шығуға ат салысуларын сұрады .

**2. Тыңдалды:** СӨС жоспарының орындалуы және оқушылардың сабақта және үзіліс арасындағы тәртібін тексеру жөнінде ақпарат

**Сөйледі: Медбибі Г.Меденова:**

Ол өз сөзінде мектепте оқушылардың денсаулығын нығайту бойынша атқарылған жұмыс нәтижелерімен таныстырып өтті. Мектеп асханасының жұмыс ережелері мен ескерілетін жағдайлар туралы және мектеп жоспары бойынша оқушылардың денсаулығын нығайтуға байланысты өткен іс-шаралар туралы ақпарат берді. Және де алдын алу мақсатында жасалынып жатқан екепелер туралы да айтып өтті.

**3. Тыңдалды:** Мектептегі рухани-адамгершілік тәрбие берудің тиімділік

**Сөйледі: ДТЖО Г.Балкенова:**

Ол өз сөзінде мектеп оқушыларының бойына рухани-адамгершілік тәрбие беруде атқарылып жатқан іс-шаралардың барысы туралы және олардың маңыздылығы жайлы ақпарат берді. Мектепшілік өткен тәрбие жұмысымен бірге ата-аналар тарапынан да қолдаулар көрсетілетіні туралы айтып өтті.

**4. Тыңдалды:** Әлеуметтік жағынан көмек қажет отбасыларға жасалған рейд жөнінде

**Сөйледі: Қамқоршылық кеңесшінің орынбасары С. Макина**

Ол өз сөзінде мектеп оқушылары арасында көпбалалы отбасылары мен аз қамтылған отбасыларына ауылымыздың шаруа қожалықтары 10000 теңгеден 3 отбасына, 30 000 теңге көлемінде тамақпен көмек көрсеткені туралы айтып өтті. Мектепшілік Наурыз мейрамын атап өтуде «Шаңырақ» жобасы көрмесі ұйымдастырылып, оқушылардың жұмысын марапаттауда, мектептің отызыншы және отыз екінші түлектері Ж.Сембин, А.Балкенов сыйлыққа ақшалай (18 000 теңге) көмек көрсеткені туралы айтып өтті.

**Сөйледі: кеңес мүшесі Г.Смагулова**

Ол өз сөзінде көпбалалы отбасы Аубакирова Бақыттың және Қарабашаева Майранын балаларына көмек көрсетуді ұсынды.

**Сөйледі: кеңес мүшесі Р.Чиркова**

Жан жақты қолдау көрсететін адамдарды үгіттеу мақсатында кең көлемде насихат жүргізу керектігін айтып өтті.

**Сөйледі: С. Макина**

Күнкөрісі төмен Қарабашаева Майра, көпбалалы Рахимбекова Айжанға және Баймуханова Салтанатқа мектепішілік жәрменкеден түскен қаражатқа киім кешек сатып алынғаны туралы айтып өтті.

**Шешім:**

1. Көпбалалы отбасына көмек көрсету жұмысы жалғастырылсын.
2. мектеп оқушыларының құқықбұзушылығын алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан түнгі рейдке ата-аналар қатыстырылсын;
- 3.Әлеуметтік жағынан көмек қажет ететін отбасыларға қолдау көрсетілсін.

Кеңесшінің

орынбасары:

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі


Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі



С.Макина

А.Рустемханова

М.Масугутов (м.а)

Б.Жумадилов

Н.Жайлауова

Г.Смагулова

М.Абельдинова

Р.Чиркова

М.Каббасова